

2015 жылғы 29 мамырдағы бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлар және осындай ставкалардың мөлшерлері тізбесіне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 103 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 45-бабы 1-тармағы, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымшаның 43-тармағының 3-тармақшасы негізінде және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 17 наурыздағы №19 шешіміне сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген 2015 жылғы 29 мамырдағы бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлар және осындай ставкалардың мөлшерлері тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН 3906 90 900 9 кодты позициясы мынадай мазмұндағы позициямен ауыстырылсын:

"3906 9 0 9002	----	оптика лық талшы қ өндіру г е арналғ ан ⁵⁾	6,7	5,0	3,3	1,7	0	0	0	0	0	0
3906 90 900 3	----	жөргек тер өндіру г е арналғ а н супера бсорбе нттер ⁵⁾	6,7	5,0	3,3	1,7	0	0	0	0	0	0
3906 90 900 8	----	өзгеле рі	6,7	5,0	3,3	1,7	0	0	0	0	0	0".

2. Осы Шешім 2015 жылғы 29 мамырдағы бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісім күшіне енген күннен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК